

Бірінші сыныпқа құжаттарды қабылдау бойынша нұсқаулық





«OQU» Ұлттық білім беру платформасы

**Бірінші сыныпқа құжаттарды қабылдау бойынша
нұсқаулық**

Астана, 2026

Мазмұны

Кіріспе.....	4
I. Қызметке онлайн тапсырыс беру.....	5
1. Авторизация.....	6
2. Өтінім беру.....	9
1-қадам. Деректерді толтыру және баланы қосу.....	10
2-қадам. Мектепті таңдау.....	14
3-қадам. Құжаттарды жүктеу.....	16
4-қадам. Тексеру және қол қою.....	17
5-қадам. Қызмет көрсету нәтижесі.....	19
3. Өтінім мәртебесі.....	20
4. Өтінімді кері қайтарып алу.....	21
II. Жиі қойылатын сұрақтар.....	23

Кіріспе

«1-сыныпқа құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызметі ата-анаға немесе баланың заңды өкіліне мектепке бармай-ақ, баланы бірінші сыныпқа қабылдау туралы өтінім беруге мүмкіндік беретін OQU платформасындағы электрондық қызмет. Өтінімді толтырудан бастап, оған қол қоюға дейінгі барлық әрекеттер онлайн түрде жүзеге асады.

Көрсетілетін қызмет екі кезеңнен тұрады: ***өтінім беру*** және оны ***мектептің қарастыруы***.

Портал тәулік бойы жұмыс істейді, сондықтан қызмет алушы кез келген уақытта өтінім бере алады. Дегенмен, мектеп өтінімдерді тек жұмыс күндері сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін қарастырады. Егер өтінім мектепке жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс немесе ресми мереке күндері түссе, мектеп өтінімді келесі жұмыс күнінде қарастырады.

Өтінім мектепке түскен сәттен бастап 1 жұмыс күні ішінде қаралады.

«1-сыныпқа құжаттарды қабылдау» қызметі аясында өтінім берушілер қосымша тасымалдау қызметіне де өтінім бере алады. Алайда бұл көрсетілетін қызмет барысында жеңілдікпен тамақтануға өтінім беру қарастырылмаған. Жеңілдікпен тамақтану мәселелері бойынша қызмет алушылар тікелей мектепке хабарласа алады.

I. Қызметке онлайн тапсырыс беру

Қызмет бір жұмыс күні ішінде көрсетіледі.

1. eGov порталында тиісті қызметті таңдаған кезде жүйе қызмет алушыны «ОQU» Ұлттық білім беру платформасына бағыттайды.
2. Ашылған бетте алдымен «1-сыныпқа құжаттарды қабылдау» қызметін, кейін «Онлайн қызметке тапсырыс беру» батырмасын басыңыз.
3. Барлық міндетті жолдарды толтырып, құжаттарды тіркеңіз.
4. Өтінімге қоса ұсынылатын міндетті құжаттар:
 - № 065/у нысанды профилактикалық екпелердің картасы;
 - «052-2/у» нысандағы «Бала денсаулығы паспорты»;
 - 3×4 см өлшеміндегі екі фотосурет.
5. Өтінімді электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦК) арқылы растаңыз.

Бірінші сыныпқа өтінім беру үшін мектепке тікелей барып та, өтінім беруге де болады.

Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігімен бірлесіп, өтінімдерді өңірлер бойынша кезең-кезеңімен қабылдау барысы енгізілуде.

Өңірлер бойынша бірінші сыныпқа құжаттарды қабылдау кестесі

Кезең	Өңірлер
27 мамыр – 31 тамыз	Астана қаласы, Абай облысы, Жетісу облысы, Қызылорда облысы, Батыс Қазақстан облысы.
10 маусым – 31 тамыз	Алматы қаласы, Ақмола облысы, Ақтөбе облысы, Жамбыл облысы, Шығыс Қазақстан облысы.
18 маусым– 31 тамыз	Алматы облысы, Қостанай облысы, Павлодар облысы, Атырау облысы, Шымкент қаласы.

29 маусым– 31 тамыз


Түркістан облысы, Маңғыстау облысы, Қарағанды облысы, Солтүстік Қазақстан облысы, Ұлытау облысы.

1. Авторизация

OQU платформасына кіру eGov арқылы жүзеге асырылады: «Кіру» батырмасын басқан кезде қызмет алушы eGov порталына бағытталады. OQU платформасына кіру үшін бөлек тіркелудің және жаңа логин мен құпиясөз құрудың қажеті жоқ.


eGov порталында қызметті таңдаған кезде жүйе сізді автоматты тірде «OQU» Ұлттық білім беру платформасына бағыттайды.

1) «Білім» бөліміне, одан кейін «Орта білім» бөлімшесіне өтіп, «1-сыныпқа қабылдау үшін құжаттарды қабылдау» қызметін таңдаңыз (Сурет 1).




Сурет 1

2) «Онлайн сұрау» батырмасын басыңыз (Сурет).




Сурет 2

3) Берілген тәсілдердің бірі арқылы кіріңіз (Сурет 3).




Сурет 3

4) Мобильді азаматтар базасында тіркелген нөміріңізге бес таңбалы коды бар SMS келеді. Оны енгізіп, «Жүйеге кіру» батырмасын басыңыз (Сурет 4).



Сурет 4

5) «Рұқсат беру» батырмасын басыңыз (Сурет 5).




Сурет 5

6) Дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім беріңіз (Сурет 6).

Мобильді азаматтар базасында тіркелген нөміріңізге 1414 нөмірінен SMS келеді, оған 511 мәтінімен жауап беру қажет.

Жауапты SMS келген SIM-картадан жіберіп жатқаныңызға көз жеткізіңіз.



Сурет 6

2. Өтінім беру

Өтінім беру нысаны төрт қадамнан тұрады.

1-қадам. Деректерді толтыру және баланы қосу – өтінім берушінің деректері автоматты түрде толтырылады. Баланы қосып, қажет болған жағдайда ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕББҚ) бар екенін белгілеу қажет;


2-қадам. Мектепті таңдау – қабылдау тәсілін (шағын аудан бойынша немесе шағын ауданнан тыс) және қалаған мектепті таңдау;

3-қадам. Құжаттарды жүктеу – қажетті құжаттарды (фотосурет, медициналық анықтамалар) тіркеу;

4-қадам. Тексеру және қол қою – толтырылған барлық деректерді тексеру және ЭЦҚ немесе QR-код арқылы өтінімге қол қою.

Өтінім беру нысанына қалай өтуге болады:

Жеке кабинетке кіргеннен кейін өтінімге басты беттегі «Мемлекеттік қызметтер каталогы» бөлімінде «1-сыныпқа құжаттарды қабылдау» қызметін таңдап, содан кейін «Онлайн қызметке тапсырыс беру» батырмасын басу арқылы өтеді (Сурет 7).



Сурет 7


1-қадам. Деректерді толтыру және баланы қосу

ЖСН, Т.А.Ә. және байланыс телефон нөмірі профильден автоматты түрде толтырылады және оларды түзету мүмкін емес. Қосымша телефон нөмірін толтыру міндетті емес, бірақ қажет болса қолмен толтырылады.

Бұл қадамда жүйе автоматты түрде үш рет тексереді:


- 1) Белсенді өтінім – егер жабылмаған өтінім болса, «Белсенді өтінім бар» деген хабарлама шығып, жүйе өтінім беруді бұғаттайды.
- 2) Ұйымға қабылдау – егер бала мектепке қабылданған болса, жүйе білім беру ұйымының атауы мен сыныбын шығарады және өтінім беруді бұғаттайды.
- 3) Баланың жасы – өтінім беруге баланың жасы 6-ға толған немесе ағымдағы жылдың 31 желтоқсанына дейін 6-ға толатын болса ғана рұқсат етіледі. Басқа жағдайларда жүйе себебін түсіндіре отырып, өтінімді қабылдаудан бас тартады.

1. Алдымен қызмет алушы «Баланы қосу» батырмасын басып, баланы қосады (Сурет 8).




Сурет 8

2. Әрі қарай ашылған бетте балалар туралы ақпарат көрсетіледі. Егер тізімде балалар бойынша мәліметтер көрінбесе, «Мемлекеттік қызметтер» жазуын басу қажет. Жүйе пайдаланушыны eGov сайтына бағыттайды, сол жерде қызмет алушы балалары туралы мәліметті жаңарта алады (Сурет 9).




Сурет 9

3. Қызмет алушы тізімнен баланы таңдап, дербес деректерді жинауға және өңдеуге сұрау жібереді. Сұрау әр бала бойынша жеке жіберіледі (Сурет 10).




Сурет 10

4. Бұдан кейін қызмет алушының нөміріне 1414 нөмірінен КДК сұранысымен SMS келеді, оған 511 мәтінін жіберіп, жауап беру қажет. Кейін «Келесі» батырмасын басу керек (Сурет 11).




Сурет 11

5. Ашылған бетте «Қосу» батырмасын басады (Сурет 12).



Сурет 12

6. Егер баланың ерекше білім беру қажеттіліктері болса, «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар бала» тармағын белгілеу қажет (Сурет 13).



Сурет 13

«1-сыныпқа құжаттарды қабылдау» қызметінде басымдықтар мен жеңілдіктер жүйесі қарастырылмаған. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар жалпы негізде өтінім береді. Бұл ретте тиісті белгішені басып, құжаттарды жүктеу

қадамында міндетті түрде ПМПК анықтамасын жүктеу қажет. Аталған мәртебені көрсету өтінім беру кезінде ешқандай жеңілдіктер бермейді, бұл тек мектепті ақпараттандыру мақсатында ғана қолданылады.

7. «Келесі қадамға өту» батырмасын басады.

2-қадам. Мектепті таңдау

Бұл қадамда қызмет алушы қабылдау тәсілін таңдайды: шағын аудан бойынша немесе шағын ауданнан тыс.

1. Шағын аудан бойынша өтінім берген кезде жүйе тіркелген мекенжай бойынша аумақтық тиістілікті тексереді және бекітілген мектептер мен оқыту тілдерінің тізімін көрсетеді. Оқу түрі, оқу жылы және сынып автоматты түрде толтырылады.

Егер қызмет алушының тіркеу мекенжайы ешқандай мектепке тіркелмеген болса, жүйеде мынадай хабарлама шығады: «Сіздің тіркеу мекенжайыңыз ешқандай білім беру ұйымына тіркелмеген. Мекенжайыңызды шағын аудан бойынша мектепке қосу үшін мектеп әкімшілігіне жүгінуіңіз қажет немесе шағын ауданнан тыс өтінім беруіңізге болады» (Сурет 14).

Деректерді толтыру
Өтініш беруші мен оқушы

Мектепті таңдау
Шағын аудан бойынша

Құжаттарды жүктеу
Баланың құжаттары

Тексеру және қол қою
Өтініш туралы мәліметтер

Шағын аудан — мектептің қызмет көрсету аумағы. Оған тіркелген мекенжайы бойынша осы мектепке қарасты тұрғындардың мекенжайлары кіреді. Шағын аудан шекараларын жергілікті Білім басқармасы белгілейді.
Балаңызға шағын ауданыңыздан тыс орналасқан мектепті таңдай аласыз. Шағын аудан бойынша әр 3 орынға — шағын ауданнан тыс 1 орын келеді.

Мектепті шағын аудан бойынша таңдау қажет пе?

Иә
 Жоқ

Оқу түрі:

Оқу түрі: *
Күндізгі

Оқу жылы: *
2026-2027

Сынып: *
1

Мектепті таңдаңыз:

"№63 жалпы білім беретін мектеп" КММ

Оқу тілін таңдаңыз:

Қазақ
 Орыс

Сурет 14

2. Шағын ауданнан тыс өтінім берген кезде қызмет алушы қаланы, ауданды және мектепті өзі таңдайды. Бұл ретте 3-ке 1 лимиті ережесі қолданылады: шағын аудан бойынша 3 орынға — шағын ауданнан тыс 1 орын бөлінеді (Сурет 15).

Деректерді толтыру
Өтініш беруші мен оқушы

Мектепті таңдау
Шағын аудан бойынша

Құжаттарды жүктеу
Баланың құжаттары

Тексеру және қол қою
Өтініш туралы мәліметтер

Мектепті шағын аудан бойынша таңдау қажет пе?

Иә

Жоқ

Оқу түрі:

Оқу түрі: *
Күндізгі

Оқу жылы: *
2026-2027

Сынып: *
1

Аудан:

Облыс / Қала: *
Солтүстік Қазақстан облысы

Аудан / Қ.Ә.: *
Мағжан Жұмабаев ауданы

Ауылдық округ / Әкімшілік: *
Қарақоға а.о.

Ауыл: *
Қарақоға а.

Мектеп:

Мектепті таңдау: *
"Қарақоға орта мектебі" КММ

Сурет 15

3. Әрі қарай қызмет алушыға тегін тасымалдау қызметі ұсынылады (Сурет 16).

«Тасымалдау қызметі» – 1-сыныпқа қабылдауға өтінім беру кезінде ұсынылатын қосымша қызмет. Ол таңдалған мектепте тасымалдау қызметі қарастырылған болса ғана көрінеді.

а. Тиісті белгішені басқан кезде жүйе нақты тұрғылықты мекенжайды сұрайды және оның тіркеу мекенжайымен сәйкестігін тексереді. Егер сәйкес келсе, мекенжай автоматты түрде толтырылады.

б. Егер сәйкес келмесе, пайдаланушы мекенжайды өзі енгізеді: облыс/қала, аудан, мекенжай (қажет болған жағдайда ауылдық округ пен ауыл). «Келесі қадамға өту» батырмасын басады.

Тегін тасымалдау қызметі қажет

Тұрғылықты жерінің мекенжайы:

Басқа мекенжайды таңдау

Облыс / Қала:
Астана қ.

Аудан:
Есіл ауданы

Мекен-жай:
Сәтбаев 1

Артқа

Келесі қадамға өту →


Сурет 16

3-қадам. Құжаттарды жүктеу

Өтінім беру үшін талап етілетін құжаттар тізімі:

Құжат	Қалай жүктеледі
3×4 см өлшеміндегі екі фотосурет	Ата-ана өзі жүктейді.
№ 065/у нысанды профилактикалық екпелердің картасы	Жүйе автоматты түрде жүктейді. Егер ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаса, анықтаманы ата-ананың өзі жүктеуі қажет.
«052-2/у» нысандағы «Бала денсаулығы паспорты»	Жүйе автоматты түрде жүктейді. Егер ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаса, анықтаманы ата-ананың өзі жүктеуі қажет.
ПМПК анықтамасы	Тек ЕББҚ бар балаларға және ата-ананың өзі жүктеуі қажет.


1. Егер анықтамалар автоматты түрде жүктелмесе, «Басқа файлды жүктеу» батырмасын басып, ата-ана өзі жүктеуі қажет. Рұқсат етілген форматтар жайлы еске салыңыз: PDF, JPG немесе JPEG, файл көлемі 5 МБ-тан аспауы тиіс (Сурет 17).



Сурет 17

2. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар бала белгішесін басқан болсаңыз, осы қадамда қолданылу мерзімі көрсетілетін ПМПК анықтамасын жүктеуге арналған міндетті жол пайда болады. Бұл анықтаманы жүктемейінше, өтінім жіберілмейді.

3. Келесі қадамға өту үшін деректердің дұрыстығына және сыртқы жүйелерден дербес деректерді алуға келісім беру туралы тармақтарды белгілеу қажет. Онсыз «Келесі» батырмасы басылмайды (Сурет 18).




Сурет 18

4-қадам. Тексеру және қол қою


1. Құжаттар жүктелгеннен кейін жүйе ата-ана толтырған өтінімді көрсетеді және қарау нысанын ашады: өтінім туралы мәліметтер, өтінім беруші мен баланың деректері, таңдалған ұйым, оқу тілі және тіркелген құжаттар.

Қызмет алушы деректерді тексереді және «Өтінімге қол қою» батырмасын басады (Сурет 19).




Сурет 19

2. Жүйе қол қою тәсілін таңдау мүмкіндігі бар модальді терезені ашады: QR-код немесе ҚР ҰКО ЭЦҚ арқылы (Сурет 20).



Сурет 20

3. Қол қойылғаннан кейін жүйе жарамдылығын тексеру үшін өтінімді қолтаңбасы мен QR-коды бар PDF-файл форматында құрады. Содан кейін мынадай хабарлама көрсетеді: «Өтінімге қол қойылды және таңдалған білім беру ұйымына қарауға жіберілді» (Сурет 21).



Сурет 21


4. Кейін өтінім «Тексеруде» мәртебесіне ие болады, хабарлама мектеп директоры мен орындаушысының жеке кабинетіне жіберіледі. Мектептің өтінімді өңдеу мерзімі 1 жұмыс күнін құрайды.

5-қадам. Қызмет көрсету нәтижесі

«Бірінші сыныпқа құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызметінің нәтижесі туралы хабарлама қызмет алушының жеке кабинетіне жіберіледі.

Хабарламаны жүктеу үшін:


1. «Менің өтінімдерім» бөліміне өтіңіз;
2. Жүктеу белгішесі бар бар батырманы басыңыз;
3. «Өтінімді жүктеу» батырмасын басыңыз (Сурет 22).



Сурет 22

3. Өтінім мәртебесі

Мәртебе өтінімнің қай кезеңде екенін көрсетеді. Ол әр өзгерген сайын қызмет алушының жеке кабинетіне хабарлама және профильде көрсетілген телефон нөміріне SMS-хабарлама келеді (Сурет 23).



Сурет 23

Қадамдық нұсқаулық: Өтінімге қол қойылғаннан кейін оның мәртебесі мектеп пен қызмет алушының әрекеттеріне байланысты өзгеріп отырады. Мәртебені әрқашан «Менің өтінімдерім» бөлімінен көруге болады.


Мәртебесі	Нені білдіреді	Қызмет алушының әрекеті
Тексеруде	Өтінім мектепке жіберілді, 1 жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс	Хабарламаны күту
Қабылданды	Директор қабылдау туралы шешімге қол қойды	Әрі қарай орындалатын әрекеттерді нақтылау үшін мектеппен байланысу
Бас тартылды	Мектеп қабылдаудан бас тартты, бас тарту себебі қызмет алушының жеке кабинетіндегі хабарламалар бөлімінде көрсетіледі.	Өтінімді сол мектепке немесе басқа мектепке қайта беруге болады

Мектеп қорытынды шешім қабылдағанға дейін қызмет алушының өтінімінде «Тексеруде» мәртебесінде болады.

4. Өтінімді кері қайтарып алу


Пайдаланушы бұрын берген өтінімін өз бетінше кері қайтарып ала алады. Кері қайтарып алғаннан кейін өтінім «Кері қайтарып алынды» мәртебесіне ауысады, бірақ резервтегі орын сақталмайды. Бұл ретте қайтадан өтінім беру керек.

- 1) Пайдаланушы «Менің өтінімдерім» бөлімінде өтінім картасын ашып, «Кері қайтарып алу» батырмасын басады (Сурет 24).



Сурет 24

2) Жүйе «Өтінімді кері қайтарып алғаннан кейін 1-сыныпқа құжаттарды қабылдауға қайтадан өтінім беру қажет болады» хабарламасы арқылы ескертеді. Пайдаланушы QR-код немесе ЭЦҚ арқылы қол қояды (Сурет 25).



Сурет 25

- 3) Қол қойылғаннан кейін жүйе өтінімді «Кері қайтарып алынды» мәртебесіне ауыстырады және «Өтінім кері қайтарып алынды. Жаңа өтінім беру қажет» деген хабарламаны көрсетеді.
- 4) Өтінім «Бас тартылды» немесе «Кері қайтарып алынды» мәртебесінде болса, және ағымдағы оқу жылының 31 тамызынан кейін, «Кері қайтарып алу» батырмасы көрінбейді.

Кері қайтарып алуға болатын өтінім мәртебелері:

- Тексеруде
- Қол қоюда
- Қабылданды

II. Жиі қойылатын сұрақтар

1-сыныпқа қабылдауға өтінімді қалай беруге болады?

1. OQU платформасындағы жеке кабинетке кіріңіз. Қызметтер каталогынан «1-сыныпқа құжаттарды қабылдау» қызметін таңдап, «Қызметке онлайн тапсырыс беру» батырмасын басыңыз.

2. Байланыс деректерін тексеріңіз, олар жүйеде автоматты түрде толтырылады. «Менің балаларым» тізімінен баланы таңдаңыз. Егер бала тізімде болмаса, «Қосу» батырмасын басыңыз. Сізге 1414 нөмірінен SMS келеді, оған 511 мәтінімен жауап беру қажет.

3. Қабылдау тәсілін таңдаңыз: шағын аудан бойынша немесе шағын ауданнан тыс.

Шағын аудан бойынша таңдаған кезде жүйе тіркеу мекенжайыңызға сәйкес қолжетімді мектептерді автоматты түрде көрсетеді.

Шағын ауданнан тыс өтінім берген кезде облысты/қаланы, ауданды, мектепті және оқу тілдерінің бірін таңдауыңыз қажет.

Қабылдау кезінде басымдық шағын аудан бойынша өтінім берген балаларға беріледі.

Мектепті таңдағаннан кейін «Келесі қадамға өту» батырмасын басыңыз.

4. Баланың 3×4 форматтағы фотосуретін жүктеңіз. Медициналық анықтамалар (065/у және 052-2/у) ақпараттық жүйелерден автоматты түрде жүктеледі. Егер анықтамалар жүктелмесе — «Құжаттарды жүктеу» батырмасын басып, оларды қолмен тіркеңіз.

Деректердің дұрыстығына және сыртқы жүйелерден дербес деректерді пайдалануға келісіміңізді тиісті ұяшықта белгілеңіз.

5. Өтінімдегі барлық деректерді тексеріп, «Қол қою» батырмасын басыңыз. Қол қою тәсілін таңдаңыз: QR-код немесе ЭЦҚ — және өтінімге қол қойыңыз.

6. Қол қойылғаннан кейін өтінім автоматты түрде мектепке жіберіледі. Өтінім «Тексеруде» мәртебесімен жіберіледі. Шешім туралы хабарлама жеке кабинетке және SMS арқылы жіберіледі.

Егер баланың ерекше білім беру қажеттіліктері болса, өтінімді қалай беруге болады?

ЕББҚ бар балаларға өтінімдер жалпы негізде қабылданады, қабылдау барысында басымдық қарастырылмаған. Өтінім беру кезінде:

1. Бірінші қадамда «Баланың ерекше білім беру қажеттіліктері бар» деген белгішені басыңыз.
2. Құжаттарды жүктеу кезеңінде ПМПК анықтамасын жүктеп, оның жарамдылық мерзімін көрсету үшін қосымша жол ашылады.
3. Өтінімді әдеттегі тәртіппен толтыруды жалғастырыңыз.

ПМПК анықтамасы жүктелмейінше өтінім жіберілмейді. ЕББҚ мәртебесін көрсету тек мектепті ақпараттандыру мақсатында пайдаланылады және қабылдау барысында өтінім кезегіне әсер етпейді.

Өтінімді қабылдау мерзімі қандай?

Өтінімдер өңірлер бойынша кезең-кезеңімен қабылданады:

- 27 мамырдан 31 тамызға дейін: Астана қ., Абай облысы, Жетісу облысы, Қызылорда облысы, Батыс Қазақстан облысы;
- 10 маусымнан 31 тамызға дейін: Алматы қ., Ақмола облысы, Ақтөбе облысы, Жамбыл облысы, Шығыс Қазақстан облысы;
- 18 маусымнан 31 тамызға дейін: Алматы облысы, Қостанай облысы, Павлодар облысы, Атырау облысы, Шымкент қ.;
- 29 маусымнан 31 тамызға дейін: Түркістан облысы, Маңғыстау облысы, Қарағанды облысы, Солтүстік Қазақстан облысы, Ұлытау облысы.

Өтінім қанша уақытта қаралады?

Өтінім мектепке түскен сәттен бастап 1 жұмыс күні ішінде қаралады. Нәтиже туралы хабарлама «Хабарламалар» бөлімінде және SMS арқылы жіберіледі.

Өтінім беру үшін баланың жасы қаншада болуы керек?

Өтінім беру үшін бала 6 жасқа толған немесе ағымдағы жылдың соңына дейін 6 жасқа толуы тиіс.

Өтінім беру үшін қандай құжаттар қажет?

Өтінім беру кезінде талап етілетін құжаттар:

- № 065/у нысанды профилактикалық екпелердің картасы;
- «052-2/у» нысандағы «Бала денсаулығы паспорты»;
- 3×4 см өлшеміндегі екі фотосурет.

ПМПК анықтамасы тек ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін қажет.

Медициналық құжаттар (№ 065/у және № 052-2/у) ақпараттық жүйелерден автоматты түрде жүктеледі. Егер құжаттар табылмаса — оларды қолмен жүктеу қажет. Әр файлдың көлемі 5 МБ-тан аспайтынына көз жеткізіңіз.

Шағын аудан дегеніміз не?

Шағын аудан — бұл мектептің қызмет көрсету аумағы: тіркеу мекенжайы бойынша осы мектепке қарасты тұрғындардың мекенжайлар тізімі. Қай мектепке тіркелгеніңізді білу үшін өтінім беру кезінде «Шағын аудан бойынша» тәсілін таңдаңыз — тіркеу мекенжайыңызға сәйкес мектептер тізімі көрсетіледі. Қосымша ақпарат алу үшін білім басқармасына жүгінуге болады.

Шағын ауданнан тыс мектепке өтінім беруге бола ма?

Шағын ауданнан тыс мектепке өтінім беру үшін:

1. Мектепті таңдау кезінде «Шағын ауданнан тыс» нұсқасын таңдаңыз.
2. Облысты/қаланы, ауданды, мектепті және оқу тілдерінің бірін таңдаңыз.
3. Берілген тізімнен мектепті таңдаңыз.

Шағын ауданнан тыс өтінім бергенде орындар саны шектеулі екенін ескеріңіз.

Өтінімді мектепте беруге бола ма?

Иә. OQU платформасы арқылы онлайн өтінім берумен қатар, мектепке барып та өтінім беруге болады.

Бір уақытта бірнеше мектепке өтінім беруге бола ма?

Бір балаға бір уақытта тек бір ғана өтінім беруге болады. Егер балаға өтінім берілген болса, екінші өтінім беру мүмкін емес. Жаңа өтінім беру үшін «Менің өтінімдерім» бөлімінде белсенді өтінімді кері қайтару қажет.

Өтінімді қалай кері қайтарып алуға болады?

1. «Менің өтінімдерім» бөліміне өтіп, қажетті өтінімді ашыңыз.
2. «Өтінішті қайтарып алу» батырмасын басыңыз.
3. Өтінішті қайтарып алу өтініміне QR-код немесе ЭЦҚ арқылы қол қойыңыз.
4. Қол қойылғаннан кейін өтінім «Кері қайтарылды» деп белгіленеді.

Назар аударыңыз: кері қайтарып алғаннан кейін кезектегі орныңыз сақталмайды. Қайта өтінім беру үшін қызметке жаңадан өтінім беріңіз.

Тасымалдауға өтінімді қалай беруге болады?

Таңдалған мектеп тасымалдау қызметін ұсынған жағдайда, 1-сыныпқа қабылдау өтінімі барысында бұл қызмет сізге қолжетімді болады.

1. Мектепті таңдағаннан кейін «Тасымалдау қызметі қажет пе?» деген сұраққа келісіміңізді беріңіз.
2. Егер сіздің нақты тұрғылықты мекенжайыңыз тіркелеген мекенжаймен сәйкес келсе, ол автоматты түрде толтырылады. Егер сәйкес келмесе, нақты мекенжайыңызды өзіңіз енгізіңіз: облыс/қала, аудан, ауылдық округ, елді мекен, мекенжай.
3. Өтінімді әдеттегідей толтыруды жалғастырыңыз.

Тасымалдау бойынша шешімді мектеп қабылдайды және оны негізгі өтінім бойынша шешіммен бірге хабарлайды. Егер тасымалдау нұсқасы көрсетілмесе, мектеп бұл қызметті ұсынбайды. Қосымша ақпарат алу үшін мектепке тікелей хабарласыңыз.

Егер мектеп қабылдаудан бас тартса не істеу керек?

Бас тарту себебі жеке кабинетіңіздегі хабарламада көрсетіледі. Бас тартудан кейін сіз сол мектепке немесе басқа мектепке қайта өтінім бере аласыз. Егер сіз мектептің шешімін негізсіз деп санасаңыз, мектепке немесе аймақтық білім басқармасына жүгініңіз.

Өтінім беру кезінде жеңілдіктер қарастырылған ба?

Қабылдау кезінде басымдық жүйесі қарастырылмаған. Барлық өтінімдер жалпы негізде қаралады.

Жеңілдікпен тамақтануға өтінім беруге бола ма?

«1-сыныпқа қабылдау» қызметі аясында жеңілдікпен тамақтануға өтінім беру қарастырылмаған. Бұл сұрақ бойынша сіз мектепке тікелей хабарласа аласыз.